Қазақстан Республикасының Бірінші Президенті күніне арналған **«Сейфуллин оқулары – 9:** жоғарғы білім және ғылым дамуындағы жаңа бағыт» атты Республикалық ғылыми-теориялық конференция материалдары = Материалы Республиканской научно- теоретической конференции **«Сейфуллинские чтения – 9:** новый вектор развития высшего образования и науки**»** посвященная дню Первого Президента Республики Казахстан. – 2013. – Т.1, ч.1 – С. 163-165

СТУДЕНТТЕР БОЙЫНДА МӘДЕНИЕТАРАЛЫҚ КОММУНИКАТИВТІ ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТІ ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ МЕН ӘДІС-ТӘСІЛДЕРІ

Туресаева Г.М.

Өз мақаламды елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың сөзімен бастағым келеді. Елбасы «Қазақстан – 2050» стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауында «Біз ағылшын тілін игеруде серпіліс жасауымыз керек. Қазіргі әлемнің осы «лингвафранкасын» меңгеру біздің еліміздің әрбір азаматына өмірдегі шексіз жаңа мүмкіндіктерді ашады», – деп атап көрсеткені белгілі. Демек, халықаралық тіл мәртебесіне ие ағылшын тілін білмей, заман талабына лайықты, бәсекеге қабілетті тұлға қалыптастыруға толық қол жеткізе алмаймыз. Орыс тілі арқылы қосымша білім алып, дүниетанымын байытып, араласатын ортасын кеңейтіп, іргелес мемлекеттерден анағұрлым ілгері тұрған Қазақ елі бұл жетістіктерімен шектеліп қалмау үшін де көптілділікке ұмтылуда. Өйткені еліміздің біліктілігі мен сауаттылық деңгейін әлемге танытып, алпауыт мемлекеттермен тереземізді теңестіру мүмкіндігіне жетелейтін қадамдардың маңыздысы – көп тіл білу.

Е.Н. Нұрахметов “Тіл – мәдениеттің тарихын, салт-дәстүрін сақтап, ұрпақтан-ұрпаққа беру арқылы белгілі бір ұлтты құрайтын ең негізгі және ең күшті қару” деген ойымен тілдің мәдениеттегі орнын анықтап берсе, Құнанбаева С.С. тілді жалпы адамзат мәдениетінің трансляторы ретінде қарастырады. Яғни тілді оқытуда тілдің мәденитанымдық және когнитивтік- коммуникативтік қызметтеріне баса назар аудару қажет. Ғалым пікірінше, “қазіргі кезеңде көптеген ғылыми еңбектерде мәдениетаралық қарым-қатынастың аспектілері ретінде «тіл-сана-мәдениет» қарастырылуда. Бұл конкурс осындай біртұтас қалпында қарастырылуы тиіс”.

Қазақ елінің тәуелсіздігін алып, басқа елдермен саяси, экономикалық және мәдени байланысқа түсуі ағылшын тілін оқытудың маңыздылығын көрсетіп, оның мақсатын анықтап берді. Басқа тілді қоғамда, мәдениетте өз орнын таба білу үшін сол елдің тілін ғана меңгеру аз, сол тілде сөйлейтін халықтың мәдениетін де меңгеру керек. Жаңа әлеуметтік мәдени кеңістіктің пайда болуы білім беру жүйесінің алдына халықаралық мәдени – кәсіптік қарым-қатынастарды жүзеге асыра алатын, яғни мәдениетаралық құзыретті мамандар даырлауды мақсат етіп қоюда.

Мәдениетаралық қарым-қатынас құзыреттілігін мамандардың кәсіби әрекеті тұрғысынан қарастырсақ, МҚҚ ұғымы өзге мәдениет өкілдерінің көзқарастары мен пікірлерін түсіне алу біліктілігі, өзінің іс-әрекетін түзету, қарым-қатынас барысында дау-дамайды болдырмау не шешу, түрлі құндылықтар

мен нормалардың өмір сүруге құқы бар екенін мойындау. Осының бәрі заманауи маман алдында тұрған талаптар. Ол кәсіби мобильдіктің, өмірдегі түрлі өзгерістерге дайындықтың негізі болады, маман иесін дүниежүзілік жетістіктердің стандарттарына ұмтылуды қамтамасыз етеді, коммуникативтік пен толеранттылықтың негізінде кәсіби өзін-өзі белсендіруге, дамытуға мүмкіндік береді.

Сонымен, мәдениетаралық коммуникативті құзыреттілік – қалыптасқан, толыққанды әлеуметтік, кәсіби, жағдаяттық тұрғыдан шетел тілінде мәдениетаралық қатысымға өзге мәдениет өкілімен түсе алу біліктілігі.

Ал осы қатынасты іске асырудың бірден-бір тиімді жолы инновациялық және ақпараттық технологияларды қолдану болып табылады.

Инновациялық білім беру технологиясы дегеніміз бірінен бірі ажырамайтындай үш бөліктен тұратын кешен:

1. Қазіргі білім мазмұны. Студенттерге берілетін білім мазмұны тек пәндік білім беруді ғана емес, тұлға бойында құзыреттілікті дамытуға, яғни заман талабына лайықты, бәсекеге қабілетті, әр ортаға тез бейімделе алатын, қазіргі бизнес практикасында адекватнты тұлғаларды дайындауды қарастырады.

2. Қазіргі оқыту әдістерістудентердің оқу үдірісіне белсенді араласуына әсер етуге негізделген, құзыреттілікті қалыптастырудың белсенді әдіс-тәсілдері.

3. Қазіргі оқытудың инфрақұрылымы ақпараттық, технологиялық, ұйымдастырушылық және коммуникативтік құрылымдардан тұрады.

Мәдениетарлық қарым-қатынас білктілігінің талаптары заман ерекшелігіне байланысты практикалық мақсатпен анықталады.

1. Мәдениетаралық қарым-қатынасқа үйрету барысында материалдар шынайы өмір талаптарына сәйкестендіріліп, тақырыптар өмір тәжірибесіне сай іріктелуі тиіс.

2. Мәдениетаралық қарым-қатынасқа үйрету жасанды орта жағдайында жүргізіледі. Сондықтан нақты білім дағдыларды қалыптастыру мақсатында бөтен ел бейнесі шынайы сомдалу үшін жаңа түрлі әдіс-тәсілдер қолданылуы талап етіледі.

3. Өз мәдениетінің құбылыстарын жетік түсіне білу керек.

Сонда өзге мәдениетті өз мәдениетімен салыстырмалы түрде түсінуге тырысу, ұқсастықтарын табу, саралау.

4. Білім беру стандарттары өз кезегінде тілдік материалдардың аутенттілігін талап етеді. Аутентті материал негізінде тілді мәдениет элементтерін қанық меңгере аламыз.

Тілді мәдениетаралық қарым-қатынас құралы ретінде студенттердің оны түрлі жағдайяттарда дұрыс қолдана білу біліктілігін қалыптастыру маңызды болып табылады.

Ең алдымен мәдениетаралық қарым-қатынас біліктілігін дамытудың тиімділігі оқыту үрдісінде түрлі әдістемелік амал-тәсілдерді ұтымды пайдалану білу өзегінде жатыр.

Шетел тілін жоғары оқу орындарында тілдік емес мамандық студенттеріне оқытудың әдістемесі бойынша көптеген зерттеулерде оны тиімді ұйымдастыру және іске асырудың түрлі аспектілері қарастырылып, оның ішінде оқу пәні ретінде ағылшын тілінің мәні, осы пәнді оқытудың мақсаты, принциптері,

мазмұны мен әдістемесі, ағылшын тілін мамандандырып оқыту әдістемесінің мәселелерін тілдік әрекет түрінде оқыту ашылып көрсетіледі.

Бүгінгі ағылшын тілі пәнінің басты міндеті студенттердің мәдениетаралық коммуникативтік біліктілігін дамыту. Мәдениетаралық қатысым теориясы шет тілінен білім берудің қазіргі парадигмасын жүзеге асырушы концептуалды практикалық тұғырнама ретінде когнитивтік-лингвомәдени әдіснамаға негізделеді, түрлі кәсіби шынайы жағдаяттарда мәдениетаралық қатысымды қамтамасыз ете алатын «мәдениетаралық қатысым субъектісін» қалыптастырып әдіснамалық теория сипатына ие болады. Осы орайда студенттерді жан-жақты терең білімді, интеллектуалдық деңгейін жоғары етіп қалыптастырудың бірден-бір жолы – оларға білімді терең игертудің тиімді әдіс-тәсілдерін іздестіру.

Мәдениетаралық қарым-қатынас біліктілігін қалыптастыра оқытуда интерактивтік тәсілдер, ойындар, пікірталастар, ақпараттық, инновациялық технологиялар, интернет, компьютердің көмегі орасан. Оқытудың ақпараттық технологиясы ақпаратпен жұмыс жасау тәсілдері, бағдарламалық және техникалық құралдар (кино, аудио, видеоқұралдар, компьютер, телекоммуникация желілері).

Ағылшын тіліне оқытуда мәдениетарлық құзыреттілікті қалыптастыру үшін интернеттің алатын орнына тоқталсақ, студенттер электронды пошта арқылы хат алысып, виртуалды қатынас клубтары, конференцияларға қатыса алады. Интернет шетел тілін үйренушіге аутентті мәтіндерді қолдану, сол тіл өкілін тыңдау, олармен қарым-қатынас жасау табиғи тілдік ортаны қалыптастырады.

Студенттер бойында мәдениетарлық қарым-қатынас біліктілігін дамытудың тиімді әдістеріне ойын технологиясын, проблеммалық оқытуды жатқызуға да болады.

Жоғарыда айтылғандарды қорытындыласақ, қазіргі заманауи техникалық құралдардың мүмкіндіктері мен инновациялық мүмкіндіктерін ұштастырып оқыту мәдениетаралық қарым-қатынас біліктілігін үйретуді ұйымдастырудың ұтымды тәсілі болмақ.